

Сондай жылдары елімізде кәсіпкерлікке барынша жағдай жасалып, жеке кәсіпорындар жұмысын жақсартуға жол ашылып жатқаны рас. Бұрынғыдай мемлекеттің ғана аузына қарап отырмай, заман талабына сай әркім өз бетінше іс ашып, жеке шаруасын дамытып әкетсе деген мақсат бұл.

Қазіргі күні елімізде басталып кеткен жекешелендіру мақсаты – мемлекеттің «иығына мініп» отырған көп кәсіпорынды жекенің жетегіне беріп, жұмысын жандандыруға ықпал ету. Себебі, қазір бәсекелестік заманы. Мемлекет бюджетін бүйірден кеміріп, мамыражай отыра беруге болмайды. Мүмкіндігінше мемлекеттік кәсіпорындар санын азайтып, олардың көпшілігін жекенің қолына өткізу керек. Сонда олар өзі үшін жұмыс істеп, бәсекеге қабілетті болмақ. Ал жекешелендірудің екінші толқыны нәтижесінде халыққа ұсынылатын қызмет сапасы да жақсара түспек. Өйткені, жеке секторда үлкен нысандар пайда болып, бизнес те осы бағытқа жұмылады деп күтілуде. Сайып келгенде, осы науқан ұлттық экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыруы тиіс. Бұл туралы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа Жолдауында айрықша атап өтті. «Бұл отандық кәсіпкерлікті нығайту үшін жасалатын принципті маңызды қадам», «Бұл ұлттық байлығымызды халықтың қолына таратып беру», деп түсіндірді Елбасы.

Жекешелендіру – меншікті мемлекет иелігінен алу бағыттарының бірі, ал оның мәні – меншікті жеке және заңды тұлғалардың жеке меншігіне беруде. Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру – азаматтар мен акционерлік қоғамдардың мемлекеттен және жергілікті билік органдарынан, кәсіпорындарды және олардың кәсіпорындар ретінде бөліп шығаратын бөлімшелерін, кәсіпорындардың материалдық және материалдық емес активтерін, акционерлік қоғамдарының капиталындағы

мемлекет пен жергілікті билік органдарының үлестерін, жекешеленетін кәсіпорындардың басқа кәсіпорындар капиталындағы үлестерін меншікке алуын білдіреді.

Мұнда бастысы елімізде қомақты бос жатқан қаржысы бар адамдарға мемлекет меншігін алуға мүмкіндік беріледі. Бұл жерде отандық кәсіпкер болсын, қарапайым адам болсын, елімізде жүргізіліп жатқан экономикалық өзгерістердің белсенді қатысушысына айналуы тиіс. Сөйтіп, жаңа бизнес-саясаттың үлкен мүмкіндіктерін мүлт жібермей пайдалануы керек. Себебі, аталған бағдарламаның негізгі мақсатының өзі – қарапайым азаматтарды қор нарығына тартып, бағалы қағаздарға инвестиция салуды жандандыру. Сонымен қатар, бұл жекешелендірудің арқасында қазірде мемлекеттің қалтасына қарап отырған, осылайша мемлекеттің қаншама қаржысын иемденіп, оны не игере алмай, не ұқсата алмай отырған компаниялардың саны азаяды. Мәселен, республика бойынша бюджеттен қаржыландырылатын,

Жекешелендіру дегенді екі – жерде мемлекет барлығын тұтастай жекенің қолына ұстата салады деген сөз емес. Тек еске-леп, зерттеп, таразылап барып, бақылау пакетінің қандай да бір бөлігін мемлекет қарамағында қалдырып осындай қадамға барады. Жекешелендіру аясында жеке тұлғаның қолына өткен нысандар 5 жыл мемлекет бақылауында болады. Қазір еліміз сауда-саттықтың жаңа нысанына көшті, бұл нысандардың одан әрі пайдаланылуын бақылауға мүмкіндік бермек. Яғни, сату-сатып алу келісімшартына қол қойылғаннан кейін, олар сатушы орган тарабынан бақыланатын болады. Демек, республикалық меншіктің, әкімдіктердің немесе ұлттық компаниялардың нысандарына қатысты келісімшарттағы міндеттемелері орындалмайтын болса, онда шарт жойылып, мүлік қайтарылады.

Өтпелі экономика жағдайында меншік қатынастары түрлі өзгерістерге ұшырайды. Бұл өзгерістер мемлекет қарамағынан алу және жекешелендіру үдерістерімен байланысты. Айталық, әлемдік экономикада

алу және жекешелендіру үдерістері әлемдегі бәсеке қабілетті болып, дейін мәнімен. Мұның басы 1991-1992 жылдар аралығы, яғни Қазақстанның тәуелсіздік алу кезеңіне тәуелсіздік келеді. Бұл кезеңдегі жекешелендіру үдерісінің негізгі бағыты мемлекеттік орталықтанған – жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту үшін жағдай жасау мақсатында кең ауқымда реформалау болған. Ол кәсіпорындарды олардың еңбек ұжымдарының ұжымдық немесе акционерлік меншігіне жеңілдетілген талаптармен беру және сауда мен қызмет көрсету нысандарын сату, соның ішінде тұрғын үй купондарын сату жолымен жүргізіліп болатын.

2-кезең 1993-1995 жылдарды қамтиды. Бұл кезең Президенттің 1993 жылғы 5 наурыздағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы 1993-1995 жылдардағы мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің ұлттық бағдарламасына» сәйкес жүзеге асырылды.

3-кезең 1996-1998 жылдар аралығын қамтыған. Бұл кезең бағдарламасының басты мақсаты

қазіргі бағдарламасының басты мақсаты – жекешелендіру мен мемлекеттік мүлікті басқарудың құқықтық негіздерін жетілдіру, есепке алуы жақсарту, басқарудың тиімділігін жоғарлату және мемлекеттік мүлікті конкурстық және трансферттік негізінде қамтамасыз ету болды.

Енді, мамандар тізбектеген деректерге сүйенсек, бұл жылдары мемлекеттік мүлік комитеті мен оның облыстық бөлімшелері 34,5 мыңнан астам мемлекеттік меншік нысандарын, соның ішінде 1991-1992 жылдары 6,2 мың нысанды купондарға және Ресей рубльдеріне жекешелендірген, 28 мыңдай нысан 1993-2000 жылдары ұлттық валюта енгізілгеннен кейін жекешелендірілген.

Биылғы жекешелендіруді елімізде жекешелендірудің екінші толқыны деп атап жүрміз. Шыны керек, бірінші толқында енді ғана құрылып жатқан қазақстандық бизнес орта жекешелендірудің тиімді тұстарын толықтай игере алмаған екен. Осыны ескерген Елбасы өткенде Үкіметтің кеңейтілген отырысында да Үкіметке жекешелендіру үдерістерінің барынша дұрыс әрі елге тиімді етіп ұйымдастырылуын қатаң тапсырды. «Қателіктерге бой алдырмаңдар. Жекешелендірудің бірінші кезеңі қалай өткені

өзі таратып, өзі иеленіп кете берген. Қазір соның салдарынан заңсыз берілген жерді де, мүлікті де қайтарып алуға дейін барып жатырмыз. Бұл жағдай енді қайталанбауы керек. Бұл ретте, біріншіден, мемлекет бизнестен кетеді, екіншіден, бұл нысандардың барлығы нарықтық ортаға өтіп, іскерлік ортаның белсенділігін арттырады. Жекешелендіру тиімді жүргізіліп, нысандар жақсы қолға өтсе, экономика да жеңілдеп, бюджетке де қаражат құйылады. Бұл – аса маңызды шара», деді Н.Назарбаев.

Қазіргі күні маңызды шараның алғашқы қадамдары жасалды. Яғни, жекешелендірудің екінші толқыны басталып та кетті. Ал тиісті нәтижесін уақыт көрсетеді.



2015

Айтулы тұлғалар,  
атаулы даталар

## Ғалым, қаламгер



Қазақ жұртының талантты ұлдарының бірі ғана емес, бірегейі – химик-металлург, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ҰҒА академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ебіней Бөкетов алдағы наурыз айында 90 жасқа толады. Ол қарапайым ас-систенттен академик дәрежесіне көтерілген ғалым, қоғам қайраткері, оқырмандарына көптеген көркем дүниелер ұсынған қаламгер. Ұзақ жыл Қарағанды химия-металлургия институтының директоры, жыл Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры қызметін атқарған. Мамандығы бойынша ондаған монографиялар жазып, мыңдаған шәкіртке білім беріп, жүздеген ізбасар әзірлеген ғұлама ғалымның өнегелі өмірі кімге де болса үлгі боларлық.

Химия-металлургия мамандығы бойынша өндіріс саласына өзіндік ғылыми ізденістерімен келелі үлес қоса жүріп, ұлт руханиятына да айтарлықтай олжа салғанын көзі ашық қауым білсе керек. Әсіресе, көркем публицистикасы, көркем дүниелері, айтулы аудармалары сан-сала. Көркем прозамен қатар, поэзиядан Сергей Есениннің «Анна Снегина», Владимир Маяковскийдің «Қандаша», «Керемет» секілді шығармаларын аударып, жариялауы сөзімізге дәлел. Сондай-ақ, Э.Золяның «Әңгімелері мен макалаларын», И.Вазовтың «Тепкіде» романдарын, тағы да басқа әлем әдебиетінің озық үлгілерін тәржімалап, қазақ жұртына ұсынуы – оның сан қырлы, бір сырлы дарын иесі екенін көрсетері хақ. Осындай тұғыры мықты тұлғаны, ұлт мақтанышы деуге әбден болады.

## Мүмкіндікті дер кезінде пайдалану мүгедектіктен сақтайды

Еліміздің түкпір-түкпірінде, алыс ауылдарда еңбекпен күн кешіп, мал шаруашылығымен айналысып, ұрпақ тәрбиелеп отырған ел тұрғындарының көбі бұйық ауруларынан қозғалыстары шектеліп, мүгедектік жағдайға дейін жетіп жатады. Сөйтсе де көбі «Пышаққа түскен оңай емес» – деп шыдамдылық танытып жүре беретін жасырын емес. Бұл ауруларға дәрігерлер арнайы ота жасайтынын, яғни эндопротез арқылы бұйық орнататынын, айтқым келеді.

Бұл орайда адамдардың өмірін ұзартып, қозғалысын реттеп, өмір сүру қуанышына бөлеп отырған Астана қаласы №1 қалалық ауруханасы ұжымының тынымсыз еңбегі қандай алғысқа да лайық. Елордадағы сол аурухананың ортохирургия бөлімінде сүйек-буын ауруларынан, қозғалыс мұқтажығына ұшырағандарға, өмірден қол үзіп арбаға танылғандарға шексіз қуаныш сыйлап отырған ақ халатты абзал жандар еңбек етеді.

Мен осы ауруханада ота жасатып, тізе буынын алмастырып, еңбекке қайта оралдым. Аурухана дәрігерлері өздерінің шеберлігімен, аурухананың талапқа сай жабдықталуымен, ауруларға деген қамқорлығымен ерекшеленеді. Медицина ғылымдарының докторы Еркін Жүнісов бөлім дәрігерлерімен ауруларға күнделікті тексеру жүргізіп, кеңес өткізіп,

талдау жасап, мұқият емдейді. Ортохирургия бөлімінің жетекшісі Руслан Ботаев, бөлім меңгерушісі Аслан Сұлтангереев, жас травматологтар Әділбек Сүмбебаев, Қайрат Рахымов, Жәнібек Түйменов халыққа істеген адал еңбектерінің арқасында үлкен беделге ие болған жандар. Олардың ешқандай уақытпен санаспай, ертелікеш ауруларға қызмет жасап, маңдай терлерін төгіп жүрген жанқиярлық еңбегін көргенде қазақтың осындай асыл азаматтарына тәнті болады екенсің.

Анестезиолог Нұрдан Бостаевтың кеңесінен кейін маған екі сағаттан артық уақыт ота жасалды. Бірақ ешқандай ауру білінбеді. Ота жасалғаннан кейін буып-танып, қозғалыс жаттығуларын жасап, екі балдақтың көмегімен жүре бастадым. 12 күннен кейін тігілген жібін алып, ауруханадан

теміржол вокзалына әкеліп, тез жазылуыма ізгі тілек білдіріп, шығарып салды.

Қозғалысым шектеліп, жұру, қозғалу мұқтажығына тап болған кезде халыққа қамқорлық пен жақсы тұрмыс, тыныштық пен бақыт сыйлап отырған, заманға сай жедел дамып келе жатқан мемлекетіміздің қол жеткен табыстарына аса ризашылығымды білдіремін.

Республикамыздың шалғай елді мекендерінде тұратын жандарға еліміздің дамыған білімі мен ғылымының жетістіктерін пайдалана білгеннің өзі бір ғанибет дер едім.

Құлш ӘМІРБАЕВА,  
Қ.Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік  
университетінің  
профессоры, педагогикалық  
ғылымдарының кандидаты

АҚТӨБЕ.